

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 201 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 қарашада № 3031 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 1 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 06.01.2016 № 1 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).*

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына және Исатай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қазандағы № 215-V "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесіне келісім беру туралы" шешіміне сәйкес, аудан әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 137 "Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2771 тіркелген, "Нарын таңы" газетінің 2013 жылғы 22 тамыздағы санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Өтеғалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Т. Сұлтанбеков
-------------	----------------

КЕЛІСІЛДІ:	
Аудандық мәслихаттың кезектен	
тыс XXV сессиясының төрағасы С.Меңдіғазиев	
2014 жылғы 23 қазан	
Аудандық мәслихат хатшысы Ж. Қадимов	
2014 жылғы 23 қазан	
	Исатай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 201 қаулысына қосымша

## **Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының ТІЗБЕСІ**

### **1.Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары**

мемлекеттік мекеме басшысы;  
күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;  
әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

### **2.Білім беру мамандарының лауазымдары**

мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы (мектепке дейінгі мемлекеттік мекемеден және қазыналық кәсіпорыннан басқа);  
мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары (мектепке дейінгі мемлекеттік мекемеден және қазыналық кәсіпорыннан басқа);  
мектепке дейінгі қазыналық кәсіпорынның басшысы;  
кабинет меңгерушісі;  
кітапхана, интернат меңгерушісі;  
мамандар (бас, аға): барлық мамандықтағы мұғалімдер және дәрігерлер, психолог, нұсқаушы, зертханашы, медициналық бике, емдәм бикесі, хореограф, тәрбиеші, кітапханашы, үйірме жетекшісі, шебер, жетекші, музыкалық жетекші, әдістемеші, бағдарламашы.

### **3.Мәдениет мамандарының лауазымдары**

мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы;  
кітапхана, клуб меңгерушісі;  
мамандар (бас, аға): аккомпаниатор, кітапханашы, редактор, режиссер, дыбыс режиссері, мәдени ұйымдастырушы, әдістемеші, барлық атаудағы суретшілер, хореограф, музыкалық жетекші, режиссердің ассистенті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК